

Тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 3 наурыздағы № 110 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылды 1 сәуірде № 6865 тіркелді.

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тасымалдау процесіне қатысушылардың технологиялық өзара іс-қимыл жасау қағидасы бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатаинас жолдары комитеті (Н.И. Қилембетов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің жаупапты хатшысы Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің

міндеттін атқарушы

Е. Дүйсенбаев

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің м.а.
2011 жылғы 3 наурыздағы
№ 110 бұйрығымен
бекітілген

Тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген, теміржол бойынша қозғалыс қауіпсіздігін және тасымалдаушы жүктөр мен жылжымалы құрамның сақталуын бұлжытпай қамтамасыз ету кезінде тасымалдауға

сұранысты толығымен қамтамасыз ету мақсатында темір жол көлігі саласында қызметті жүзеге асыратын тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара технологиялық іс-қимыл жасау мүмкіндігін айқындайды.

2. Тасымалдау процесіне қатысушылардың (бұдан әрі – ТПҚ) технологиялық іс-қимыл жасауын (бұдан әрі – іс-қимыл жасау) жолаушыларды, жүктөрді, жүк багажды, багажды және поча жөнелтілімдерін тасымалдауды дайындалап, жүзеге асыру және аяқтау кезінде ТПҚ орындастырын технологиялық өзара байланысқан және үйымдастырылған іс-қимылдар мен операциялармен жиынтықты жүзеге асырылады, соның ішінде:

1) темір жол көлігімен тасымалдауға тапсырыстарды қалыптастыру;

2) клиенттерге қызмет көрсету;

3) поездарды құрастыру және олардың қозғалысы;

4) тасымалдарды қамтамасыз ету;

3. ТПҚ өзара технологиялық іс-қимылды көрсету;

1) жүктөрді тасымалдауда жиынтық жоспарын қалыптастыру;

2) тасымалдау жағдайын анықтау;

3) вагон ағымы бағытын анықтау (қалыптастыру жоспары);

4) поездар қозғалысы графигін анықтау;

5) жүктөрді, багажды, жүк багажды, поча жөнелтілімдерін алу және беру;

6) вагондарды беру-жинау;

7) вагондарды (контейнерлерді) коммерциялық және техникалық (қызмет) қарастыру;

8) жолаушылар және жүк тасымалын үйымдастыру;

9) тиеуге жүк вагондарын дайындау;

10) жүк вагондарына ағымдағы ағытпа жөндеу;

4. Ұлттық инфрақұрылым операторы тасымалдаушылар, локомотивтік тартым операторы, вагон операторы (контейнер), жолаушылар агенттігі, жолаушылар, жүк жөнелтуші мен жүк алушы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, Қазақстан Республикасы теміржол көлігі және халықаралық келісімдермен (шарттармен) сәйкес жасалынған шарттар негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрек менен

2. ТПҚ өзара әрекет тәртібі

5. Ұлттық инфрақұрылым операторы тасымалдаушылармен өзара әрекет жасау магистральді теміржол желісін (бұдан әрі – МТЖ) беру кезінде жүзеге асырылады, құрылыштарда, станциялық жолдарда оларды жөндеу және магистральді жолдар бойынша жылжымалы құрамға рұқсат беруді үйымдастыру.

Ұлттық инфрақұрылым операторы тасымалдаушыға мағлұматтарды береді:

1) МТЖ өткізу қабілеті туралы:

сыныптығы, жүк жолаушылар операциялар үшін мүмкіндігі бар контейнерлер, вагондар іріктемесі көрсетілген станциялар тізімі;

қажетті параметрлері көрсетілген МТЖ схемасы;

жүк поездарының салмақ нормалары;

учаскелер бойынша жүк және жолаушылар қозғалысына жарамды вагондарының саны;

магистральдық және станциялық жолдар бойынша поездар қозғалысы жылдамдығының жарамдылығы;

2) МТЖ локомотив жіберу жағдайы:

поезд жұмыстарын орындау кезінде МТЖ нақты участекін қолданылатын локомотивке қойылатын техникалық талаптар;

локомотивті жөндеуге, техникалық қызметке және экипировкаға бағыттау тәртібі;

локомотивтерге орнатылатын қауіпсіздік құралдары мен байланыс типі және параметрлері;

Ұлттық инфрақұрылым операторы тасымалдаушылармен берілген ай сайынғы жүкті тасымалдау жоспарының өтінімі негізінде жүк тасымалдау жоспарының айлық жинақты жобасын дамытады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

6. Тасымалдаушы, тармақ иеленуші, Ұлттық инфрақұрылым операторы, локомотивтік тартым операторы және кірме жолдарда вагондарды беру-әкетуді жүзеге асыру кезінде вагондарды беру-әкету шартына сәйкес өзара іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

7. Тармақ иеленуші, Ұлттық инфрақұрылым операторы, тасымалдаушы, локомотивтік тартым операторы және контрагент жылжымалы құрамды беру-әкету жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде шарт негізінде өзара іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

8. Тармақ иеленуші және Ұлттық инфрақұрылым операторы кірме жолдар құрылышында және қабысады келіскең кезде өзара іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

9. Өзінің тартқыш көлік құралдары (локомотиві) жоқ тармақ иеленуші мен контрагенттер маневрлық және шаруашылық жұмыстар (поездарды қалыптастыруы, тарату, тиеу/түсіру орындарына вагондарды беру-алып кету және орнын ауыстыру, тасымалдау процесімен байланысты емес басқа технологиялық мақсаттар) үшін локомотивтік тартымның операторларымен жасаған шарттың негізінде локомотивтік тартымның қызметтерін пайдаланады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – КР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 20.07.2017 № 486 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

10. Вагондардың (контейнерлердің) операторы жүк, қызметтік, қызметтік-техникалық вагондарды пайдалану кезінде МТЖ қол жеткізу кезінде Ұлттық инфрақұрылым операторымен өзара іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен

11. Вагондар (контейнерлер) операторы ТПҚ мынадай өзара іс-қимыл жасайды:

1) жүк жөнелтушімен – бұл ретте шарт негізінде тасымалдау құжаттарында вагон иесі ретінде көрсетіледі;

2) тасымалдаушымен - бұл ретте шарттық негізде немесе басқа занды негізде тасымалдау құжаттарында вагон иесі ретінде көрсетіледі;

3) Ұлттық инфрақұрылым операторымен - Ұлттық инфрақұрылым операторының ақпараттық жүйесін қолдану шартының негізінде және жүк вагондары ағымдағы ағытпалы жөндеу шартының негізінде.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен